



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
А. Бәйтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Еуразия ғылыми-зерттеу институты

Science Committee of the Ministry of Education and Science  
of the Republic of Kazakhstan  
Institute of Linguistics named after A. Baitursynov  
Kazakh National Pedagogical University named after Abay  
Eurasian Research Institute



120



90

«ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ:  
ЖҰБАНОВТАР ТАҒЫЛЫМЫ  
ЖӘНЕ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Еуразия ғылыми-зерттеу институты

Science Committee of the Ministry of Education and Science  
of the Republic of Kazakhstan  
Institute of Linguistics named after A. Baitursynov  
Kazakh National Pedagogical University named after Abay  
Eurasian Research Institute

## «ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ: ЖҰБАНОВТАР ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ»

*Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың  
туғанына 120 жыл және оның ұлы филология ғылымдарының докторы,  
профессор Есет Жұбановтың 90 жасқа толуына байланысты  
«Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы»  
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның*

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

*19 желтоқсан, 2019 жыл*

### **COLLECTED PROCEEDINGS**

*the international scientific-theoretical conference "Personalities of the great steppe:  
The Zhubanovs' teachings and the reform of writing system" dedicated to the 120th  
anniversary of the birth of prominent public figure, the founder of the Kazakh linguistics,  
the first professor, pedagogue-scientist Kudaibergen Zhubanov and the 90th anniversary  
of the birth of his son, Doctors of Philology, professor Eset Zhubanov.*

*19 December, 2019*



Алматы, 2019

|                                         |                                                                   |     |
|-----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>А. Молдашева</i>                     | ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУ-ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ КІРМЕ ДЫБЫСТАРДЫҢ ДЫБЫС МӘНІ .....  | 155 |
| <i>Қ. И. Исаханова</i>                  | ҚАРА ӨЛЕҢ МЕН ӘН ӨЛЕҢНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ .....                          | 157 |
| <i>М.М. Снабекова</i>                   | КОСМОНИМДЕР – ОНОМАСТИКАНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ .....                 | 160 |
| <i>А. Шормақова</i>                     | КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ КОННОТАЦИЯЛЫҚ РЕҢКІ .....    | 162 |
| <i>Қ. Ш. Балабекова</i>                 | ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ .....              | 164 |
| <i>А. Ержан</i>                         | ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ .....                | 164 |
| <i>И. Т. Абдурахманова</i>              | ДАУ ШЕШУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КОММУНИКАТИВТІК ТАКТИКАЛАР .....          | 167 |
| <i>Ж. С. Абитова, Ж. Н. Сүлейменова</i> | СЫПАЙЫЛЫҚ МӘНІН БЕРУДЕ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ .....         | 170 |
| <i>Д. Г. Орынбаева, М. С. Атабаева</i>  | ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ КОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ .....                        | 173 |
|                                         | ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ                    |     |
|                                         | ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖАЙЫНДА .....                                   | 175 |
| <i>Nabidullin A., Ordabayev Ch.</i>     | TECHNOLOGY OF ASSESSMENT OF THE ASSIGNMENT: «PARTICIPATION IN THE |     |
|                                         | DIALOGUE (POLYLOGUE)» .....                                       | 178 |
| <i>А. А. Әлішер</i>                     | ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕПТІК КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ .....             | 181 |
| <i>С. С. Ақынова</i>                    | ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ТАБИҒАТЫ .....          | 183 |
| <i>М. Ж. Бейсқеева</i>                  | ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ .....           | 185 |

#### 4-СЕКЦИЯ. ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА: МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛІ

|                                        |                                                              |     |
|----------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-----|
| <i>И. Ә. Әбдіқадыр, А. М. Досанова</i> | РЕПАТРИАНТ – ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК КЕДЕРГІЛЕРІ .....      | 189 |
| <i>Ү. Turashbek</i>                    | YOUTH SLENG: THE PHENOMENON OF CULTURE .....                 | 191 |
| <i>Ж. К. Мұқанова</i>                  | ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ МЕН ЖАҒДАЯТЫ ..... | 193 |
| <i>А. М. Рахимғалиева</i>              | «ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» ИДЕЯСЫ МЕН ТІЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС .....  | 195 |
| <i>А. У. Мырзабай</i>                  | МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....          | 199 |

#### 5-СЕКЦИЯ. КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА: ЖИЛІК СӨЗДІКТЕР, ҰЛТТЫҚ ПЕРНЕТАҚТА ЖӘНЕ МӘТІНДЕРДІ ЛАТЫН ҚАРПІНЕ АВТОМАТТЫ КӨШІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                       |                                                       |     |
|-----------------------|-------------------------------------------------------|-----|
| <i>М. А. Махмудов</i> | РАЗНЫЕ ПОДХОДЫ К СОСТАВЛЕНИЮ ЧАСТОТНЫХ СЛОВАРЕЙ ..... | 201 |
|-----------------------|-------------------------------------------------------|-----|

#### 4-СЕКЦИЯ. ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА: МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛІ

**И.Ә. Әбдіқадыр, А.М. Досанова**

*PhD докторант, PhD доктор, әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті*

#### РЕПАТРИАНТ – ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК КЕДЕРГІЛЕРІ

Репатриант-қазақтардың толығымен еліне оралуы Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы түрткі болды. Бұл үдеріс «Көші-қон туралы» заң қабылдаған соң ұлғайды [1].

Оралмандар – Қазақстан Республикасы егемендік алған соң, оның шегінен тыс жерлерде тұрған және Қазақстанға «Көші-қон туралы» заңымен тиісті мәртебесін алған этникалық қазақтар. Оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерде тұрақты тұрған ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам, және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін оның шегінен тыс жерде туылған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары. [2].

«Оралман» термині «қайтып келген» деген түсінікті білдірсе, «репатриант» термині – отанына қайтып оралған адамды айтады. Қазақстанда репатриант термині орнына оралман термині қолданылып келеді. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «оралман» сөзінен бас тартып, орнына «Жеті атасын білетін халыққа Қандас» ұғымы жарасады – деп, «қандас» терминін қолдануды бұйыруда [3].

Оралман қауымынан қазақ елінің де үйренері аз емес, себебі алыстан келген репатриант-қазақтар қаймағы бұзылмаған тілімізді, ата-баба салтын, әлемдік тәжірибе мен қатар жат елде жинақтаған мәдени құндылықтарды алып келуде. Отанына оралған, қазақ санын көбейтіп жатқан бауырларымыздың алдында тұрған күрделі мәселенің бірі – тіл мәселесі.

«Тіл – әрқашан белгілі бір этностық генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты», – дейді академик Ә.Қайдар [4, 66 б.].

Тіл қарым қатынастың негізі болып табылады, сондықтан да тіл интеграциясына айрықша көңіл бөлінеді. Репатриант-қазақтардың көшіп келген елдің тілін білуі, олардың еңбек, әлеуметтік мәдени өмірге интеграциялануының негізгі индикаторы болып табылады. Мигранттардың қабылдайтын барлық елдер интеграция бағдарламаларында тіл жағынан – бейімделуіне аса көңіл бөледі, бірақ әр ел тілді игеруге берілетін көмектің көлемін өздерінше анықтайды.

Қазақ ұлты халықтарының Қазақстанға көшіп келуінің бірінші себебі қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балаларының келешегін қамтамасыз ету. Көшіп келген соң оралмандар қазақ тілі мен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі – қатынаста негізгі тіл болғандықтан, репатриант-қазақтардың еңбек рыногына интеграциялануы, Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысуына қиындықтар туғызады. Бұл өз кезегінде орыс тілін білмеу салдарынан өмірлерін одан әрі қиындатады.

Оралмандардың қазақ қоғамына интеграциялануына теріс әсерін тигізетін тіл білмеушілікті елемей қалуға болмайды. Бұл жерде айта кететін жайт, қазір үш қазақ алфавиті қолданылады; Қазақстанда, Ресей мен басқа ТМД елдерінде кириллица, Түркия мен Батыс Еуропада латын әліпбиі, Қытайда, Иран мен Пәкістанда – ескі қазақ алфавиті (араб алфавиті негізінде құрылған). Осының нәтижесінде Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан, Ауғанстан мен Түркиядан келген оралмандар толық қазақ тілін меңгере алмайды, сондықтан да келе салысымен тіл білмеушілікке байланысты қиыншылықтарға кездеседі [5, 25 б.].

Қазақстан Республикасының репатриант-қазақтардың тарихи өз отанына көшу бойынша тұжырымдамасында қазақ қоғамындағы репатриант-қазақтардың тез бейімделуін қамтамасыз ету, мемлекеттік тіл – қазақ тілін және ресми тіл – орыс тілін оқыту репатриант-қазақтар үшін арнайы бейімделу курстарында жүргізу қарастырылған.

Тілдік кедергі – бұл жеке тұлғаның тілді/тілдерді жеткіліксіз не болмаса мүлдем білмеуі салдарынан толыққанды қарым-қатынас жасай алмауы [6]. Қытай, Түркия, Ауғанстан сияқты елдерден келгендер үшін біздегі кириллицаны толық білмегендіктен, жазу, оқу қиынға соғып, керек ақпаратты ала алмайды.

Сондай-ақ, репатриант-қазақтардың тілдік бейімделуіне қатысты қиындыққа тап болуының бірден-бір себебі қазақ тілін толық меңгеру/меңгермеуі болса, екіншіден, репатриант-қазақтардың орыс тілін толық білмеуі [7].

Көптілді Қазақстан кеңістігінде орналасқан өңірлеріне де байланысты, еліміздің солтүстік аймағында репатриант-қазақтар үшін жұмысқа орналасу қиындық тудырады, ал оңтүстік аймақтарда орыс тілін білмеу аса кедергі емес, дегенмен де, бұл өңірде репатриант-қазақтар үшін тілдік кедергілер болуы әбден мүмкін. Қазақ тілін жетік біліп, алайда орыс тілінде сөйлей алмаса, көздеген жұмысқа орналасуға ешкім кепілдік бермейді. Репатриант-қазақтардың тұрғылықты орын таңдауында тіл факторы айтарлықтай әсер

етеді. Оралмандардың басым бөлігі оңтүстікте орналасқан.

Жоғарыдағы аталған тілдік айырмашылықтар репатриант-қазақтардың Қазақстан қоғамына бейімделуіне негізгі кедергі болады.

Репатриант-қазақ балалары да – этникалық қазақтар болып табылады. Олар қазақ тілінде оқытатын және де орыс тілді мектептерде білім алуда. Репатриант-қазақ балалары да тілдік мәселелерге тап болуда. Жоғарыда айтқандай бірінші тілдік кедергіні қазақ тілін толық меңгермеуі – қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы оқулықтың жоқтығы. Сондай-ақ, балалардың тілдік құзыретін, қазақ тілін тіл аралық қарым-қатынас ретінде дамытуды арттыру керек. Орыс тілді оқырманға бейімделген қазақ тіліндегі әдебиеттің болмауы да үлкен мәселе. Репатриант-қазақ балаларының орыс тілін үйренуі негізгі қиындық болып табылады. Орыс тілін тек теориялық тұрғыда емес, практикалық қызығушылықты тудырады [7].

Оралман балаларды қабылдаған мектеп, жаңа мәдени ортаға «мәдени ауысу сенделісін» жеңілдетуге және әлеуметтік ортаның өзгеріп отыратын жағдайларына бейімдеуге көмектесуі керек. Балалар осал, тәуелді, ересектердің физикалық өмір сүруіне ғана емес, сонымен бірге психологиялық және әлеуметтік салауаттылыққа және жаңа ортаға сәтті бейімделуіне қолдау қажет. Тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаға оңтайлы енуінің негізгі шарттарының бірі – тұлғаны белсенді түрде бейімдейтін процесі өзгеретін орта, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени бейімделу. Бейімделу тұжырымдама ретінде тірі организмдер мен қоршаған орта арасындағы қатынастардың сипатын білдіреді. Репатриация жағдайында бейімделу климаттық жағдайлар, мәдени, әлеуметтік, тілдік, этникалық және діни айырмашылықтар, материалдық және тұрмыстық проблемалар сияқты көптеген факторлармен күрделенеді. Мигранттардың балалары ерекше қиын жағдайда: бала өзінің жаңа орналасқан жерінен мәдениеті бойынша ерекшеленеді; ол, көп жағдайда, қоғамның табысы аз секторларының тумасы, әлеуметтік жағынан қорғалмаған, мектеп жүйесінің, сондай-ақ сол тілге негізделген психологияны білмейді. Оралмандардың бейімделуіндегі үлкен проблемалар тілдік және әлеуметтік-мәдени кедергілерге байланысты. Олар сәтті бейімделуіне кедергі келтіреді. Репатриацияланған балаларды әртүрлі білім беру, мәдени, демалыс және қоғамдық жұмыстарға тарту. Оралман балалар үшін ойлау қабілетін, психологиялық көзқарастарын өзгерту, мінез-құлықтың жаңа ережелерін үйрену өте қиын [8,56].

Қазақстандағы ересек репатриант-қазақтарға қарағанда, өскелең ұрпақ, жас ұрпақ ретінде жаңа тілдік жағдайға тез бейімделеді, себебі олар қырықтан асқан адамдарға қарағанда тілді тез үйренеді.

Оралман отбасыларының еліне көшіп келуінің бірден бір себебі, балаларының өз отандық жерінде қабілеттерін дамытып, қажетті кәсіби дағдыларын қалыптастырып және жоғарғы оқу орнын тамадап, жақсы жұмысқа орналасуын көздейді.

## ӘДЕБИЕТ

1. «Халықтың көші-қон туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы //adilet.zan.kz. 26.06.2018
2. <http://mfa.gov.kz/kz/kyev/content-view/tarihi-otanga-oralu-mseleleri-znindegi-zadynama-2>
3. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaev-nado-otkazatsya-ot-slova-oralman-379519/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-nado-otkazatsya-ot-slova-oralman-379519/)
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.-304б.
5. Қазақстандағы оралмандардың жай-күйі. Шолу.2006 – 33б.
6. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Словарь социолингвистических терминов.–Изд. 2-е, дополненное и переработанное / отв. ред. Сулейменова Э.Д. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330б.
7. Есказинова Ж.А. Мектепте білім беру деңгейін жаңғырту жайдайындағы оралман балаларды көгілде оқытудың дидактикалық негіздері. – Қарағанды, Қазақстан. 2018.6 –13 бб.
8. Социокультурная и языковая адаптация детей репатриантов в условиях современноого Казахстана. Актуальные проблемы адаптации и интеграции репатриантов, Материалы международной научно-практической конференции,
9. Абильтина Г.С. Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, Астана, 2017. – 220б.